

Ұжымдық шартқа қосымша

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінде 2025 жылғы 28 қаңтарда № КД 8 болып тіркелген, Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Метрополитен" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының 2025-2029 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа қосымшасы.

Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Метрополитен" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны әкімшілігі (бұдан әрі мәтін бойынша – "әкімшілік") атынан Кәсіпорын директоры (бұдан әрі – "жұмыс беруші"), және жұмыскерлердің мүдделерін білдіретін "Метрополитен жұмыскерлерінің кәсіподағы" қоғамдық бірлестігі атынан кәсіптік комитет (бұдан әрі – "кәсіптік комитет"), кәсіподақ төрағасы тұлғасында кәсіпорынның еңбек ұжымы (бұдан әрі – "жұмыскерлер") арасында жасалған Ұжымдық шартқа қосымша.

Тараптар тараулардың келесі тармақтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті, атап айтқанда:

«Жалпы ережелер» 1-тарауына

Мәтін - Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын "Ұжымдық шарт Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Метрополитен" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының әкімшілігі (бұдан әрі мәтін бойынша – "әкімшілік" және "кәсіпорын") атынан кәсіпорын директоры (бұдан әрі – "жұмыс беруші") және жұмыскерлердің мүдделерін білдіретін кәсіпорынның еңбек ұжымы (бұдан әрі – "жұмыскерлер") атынан "Кәсіптік одақ" қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі - "кәсіподақ") атынан кәсіподақ төрағасы арасында жасалды.

Келесі редакцияда мазмұндалсын: Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын "Ұжымдық шарт Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Метрополитен" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының әкімшілігі (бұдан әрі мәтін бойынша – "әкімшілік" және "кәсіпорын") атынан кәсіпорын директоры (бұдан әрі – "жұмыс беруші") және жұмыскерлердің мүдделерін білдіретін кәсіпорынның еңбек ұжымы (бұдан әрі – "жұмыскерлер") атынан **"Метрополитен жұмыскерлерінің кәсіптік одағы"** қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі - "кәсіподақ") атынан кәсіподақ төрағасы арасында жасалды.

9-тараудың 9.12-тармағына қосылсын

Кәсіподақ міндеттеледі:

"Метрополитен жұмыскерлерінің кәсіптік одағы" ҚБ мүшелерін әлеуметтік қолдау мақсатында кәсіпорынның кәсіподақ комитеті айқындаған негіздер

бойынша тек кәсіподақ мүшелеріне материалдық қолдаудың әлеуметтік төлемдерін жүргізу;

Төмендегілер бойынша жұмыс жүргізілсін:

- емдеу-сауықтыру мекемелерінде кәсіподақ мүшелерін санаторий-курорттық емдеуді ұйымдастыру, бұл ретте төлем тәртібі, санаторийлерге бару жиілігі, жолдамалар саны кәсіподақ комитетінің шешімдеріне сәйкес айқындалады;
- кәсіподақ комитетінің шешімдері негізінде мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру (балалардың жаңа жылдық іс-шараларын өткізу, жаңа жылдық сыйлықтар сатып алу, концерттер ұйымдастыру және т. б.);
- кәсіподақтың жарғылық мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ұжымдарда атқарған жұмыстары үшін кәсіподақтың ең белсенді мүшелеріне кәсіби Комитеттің ұсынысы мен шешімі бойынша сыйақы беру; - төлемдердің түрлері, кезеңділігі, тәртібі, сомалары айқындалады және кәсіподақ комитетінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

9-тараудың 9.13-тармағына қосылсын

Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдарды жұмысқа қабылдау және еңбек жағдайлары зиянды (қауіпті) ауыр жұмыстарға жіберу туралы шешімді жұмыс беруші өндірістік қажеттілік мән-жайларын, кандидаттың денсаулық жағдайын, біліктілігін негізге ала отырып, көрсетілген жұмыскерлердің өтініші негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген медициналық қарсы көрсетілімдер болмаған кезде ғана қабылдайды.

9-тараудың 9.9-тармағы алынып тасталсын

Келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік жәрдемақылар, оның ішінде еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша (мертігумен, кәсіптік аурулармен және т. б. байланысты) төлем жүргізілсін".

10-тараудың 10.9-тармағына қосылсын

Негізгі жұмыстан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен жұмыс берушінің бастамасы бойынша тәртіптік жаза қолдану туралы жұмыс берушінің актісін шығару немесе еңбек шартын бұзу кезінде дәлелді пікірді есепке алу тәртібі:

- тәртіптік жауапкершілікке тарту не жоғарыда аталған адамдармен еңбек шартын бұзу жұмыс берушінің бастамасы бойынша өздері мүшесі болып табылатын кәсіподақ органына тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрыққа дайындалған жұмыс берушінің негіздері мен ниеттері туралы қоса берілген құжаттармен дәлелді пікір сұрату жолымен жүргізіледі;

- кәсіподақ органы шешім қабылдау үшін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс берушіге дәлелді пікір беруге міндетті;


Көрсетілген мерзім өткеннен кейін дәлелді пікір беруден бас тартқан не жалтарған жағдайда, жұмыс беруші дәлелді пікірді ескерілген деп санайды және негізгі жұмыстан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органының мүшелерімен жұмыс берушінің бастамасы бойынша тәртіптік жаза қолдану немесе шартты бұзу туралы жұмыс берушінің актісін шығаруға құқылы.

Ұжымдық шартқа қосымша 2025 жылғы «04» 03 бастап күшіне енеді.

2025 – 2029 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа қосымшаға қол қойғандар:

Әкімшіліктен:

Алматы қаласы әкімдігінің
шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Метрополитен» коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының
директоры


А. Орынбеков

2025 ж. «04» 03



Кәсіподақтан:

«Метрополитен жұмыскерлерінің
кәсіби одағы» қоғамдық
бірлестігі кәсіподақ комитетінің
төрағасы


П. Мыскин

2025 ж. «04» 03



3 парак

